

**Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК –да жүргізілген сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау анықтамасына жариясын
талқылау хаттамасы**

Шымкент қаласы

№1

21.05.2025 жылы

Төрағалық етуші: Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№2 Оңалту орталығы» МКК-нің бас дәрігері А.О.Сапарғалиева

Қатысқандар: Шымкент қаласын Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№2 Оңалту орталығы» МКК-нің жұмысшы тобының мүшелері.

Күн тәртібінде:

1.Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№2 Оңалту орталығы» МКК-да жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау анықтамасына жариясын талқылау

А.О.Сапарғалиева: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-Заңына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» және Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК-н 2025 жылғы 11 сәуірдегі " сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" №74 н/к бұйрығымен жұмысшы тобы құрылып, онда Шымкент қаласын Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№2 Оңалту орталығы» МКК-ның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында ішкі талдау жүргізу кестесі бекітілді. Ішкі талдау жүргізу кестесіне сәйкес, 14.04.2024-26.05.2025 жылдар аралығы кезеңінде орталықта сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 14.04.2025-26.05.2025 жж аралығында анықтау амалдары жүргізіліп, талдау анықтамасының жобасы әзірленгендігін баяндады.

Сондай-ақ, басшы А.О.Сапарғалиева Орталықта жүргізілген ішкі талдаудың бағыттарын, сипаттамасы және нәтижелері туралы айтып өтті.

Орталықтың комплаенс қызметкерінің уақытша м.а С.Абилдаева: ішкі талдаумен анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және оларды жою туралы ұсынымдарды баяндады.

Орталығымыздың жұмысшы тобының мүшелеріне ішкі талдаумен анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және оларды жою туралы ұсынымдарды тыңдай келе сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша ешқандай қосып-аларлары мен ұсыныс-пікірлері жоқтығын айта отырып, жиналыс қорытындысы бойынша келесі тапсырмалар берілді.

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің қорытынды анықтамасының көшірмесін жұмыс тобының мүшелеріне таратылсын.

2. Жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері жұмыс тобының мүшелерінің назарына талқылау үшін ұсынылып отырсын.



[Handwritten signature]

А.О.Сапарғалиева

С.М.Абилдаева